



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰМУ КЕАҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҒЫ»
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

Алматы қ., 2023 ж.



Кәсіптік одақ (кәсіподак) – өз мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мұдделеріне өкілдік ету және оларды қорғау үшін С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ қызметкерлерінің еңбек, өндірістік және кәсіптік мұдделерінің ортақтығы негізінде ерікті тұрде құрылатын тұрақты мүшелігі бар қоғамдық бірлестік.

Кәсіподактар өз қызметінде барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардан, саяси партиялардан, жұмыс берушілерден және олардың бірлестіктерінен тәуелсіз, олармен бақыланбайды және оларға есеп бермейді.

Кәсіподактар «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР Занында белгіленген тәртіппен кәсіподактардың бірлестіктерін құра алады.

Кәсіподактардың республикалық бірлестігі – салалық кәсіподактардың, облыс, республикалық маңызы бар қала және елорда деңгейіндегі кәсіподактардың аумақтық бірлестіктерінің бірлестігі.

Аумақтық кәсіподактар бірлестігі – аудан, қала, облыс, республикалық маңызы бар қала және елорда деңгейіндегі кәсіподактардың бірлестігі.

Салалық кәсіподак – жалпы еңбек, өндірістік-кәсіптік мұдделермен байланысқан (экономикалық қызмет тұрлерінің немесе кіші тұрлерінің) бір қызмет саласындағы және онымен байланысты салалардағы, жергілікті кәсіподактардағы жұмыскерлердің бірлестігі.

Жергілікті кәсіподак – ортақ еңбек, өндірістік-кәсіптік мұдделермен байланысқан бір немесе бірнеше ұйым жұмыскерлерінің ерікті бірлестігі.


Бастауыш кәсіподак ұйымы – тікелей ұйымда орналасқан және осы ұйымның жұмыскерлері болып табылатын кәсіподак мүшелерінен ерікті негізде тұратын кәсіподактың құрылымдық бөлімшесі.

Кәсіподактардың құқықтық мәртебесі

- Мемлекеттік және шаруашылық органдармен, қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынаста өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау
- Еңбек ұжымдарының тапсырмасына сәйкес олардың әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау, олардың атынан келісімдер мен ұжымдық шарттар жасау
- Заңнамамен берілген құқықтар шегінде кәсіподак мүшелеріне қатысты еңбек және зейнетақы заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке еңбек дауларын қарау және ұжымдық еңбек дауларын (жанжалдарын) шешуге қатысу
- Оларға басқа да құқықтық көмек көрсету, тегін заң жөнінен кеңес беру мекемелерін құру

**КӘСІПОДАҚ –
БҰЛ БІЗ
БӘРІМІЗ!**

Сіздің жалақыныздан кәсіподақ жарнасы ретінде 1% ұсталады да, сізге төмендегілерге кепілдік беріледі:



Кәсіподақсыз сіздің әлеуметтік қорғаусыз, өз қыыншылықтарының ізбен жалғыз қалатыныңыз қауіпі бар!

САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ

2023-2025 жылдарға арналған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, «Qaz Med» медицина және онымен сабактас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» РКБ және Қазақстанның Үлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы

ҚР ЕҢБЕК КОДЕКСІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ҚОСЫМША:

ҚҰҚЫҚТАР МЕН КЕПІЛДІКТЕР

ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

индекстеу және
жалақыны арттыру

сараптамалық-кәсіби
көмек

индекстеу және
жалақыны арттыру

адвокаттық заң көмегі

кәсіподақтың қосымша
құқықтары

жеңілдікті сауықтыру
сертификаттары

материалдық қолдау

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ

Кәсіподақ университет жұмыскерлері еңбек ұжымының әлеуметтік және кәсіптік мүдделерін білдіреді және жүзеге асырады, өкілді орган және университетпен қарым-қатынастағы еңбек ұжымының жалғыз үәкілетті өкілі болып табылады, сондай-ақ Ұжымдық Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында реттелетін өкілеттіктер шегінде әрекет етеді.

Еңбек ұжымы Кәсіподаққа С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ-пен Ұжымдық Шартты әзірлеу және жасау кезінде университет қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, жұмыстан босату және жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша келіссөздер жүргізуде, бүкіл ұжымның қалыпты қызметі үшін оңтайлы еңбек жағдайларын жасауда, сондай-ақ еңбек саласындағы басқа да мәселелер және еңбекке байланысты басқа да әлеуметтік-экономикалық катынастар бойынша өз мүдделерін білдіруді тапсырады.

Кәсіподақ университеттің оку үдерісінде, ғылыми-өндірістік қызметінде және әлеуметтік саясатында ортақ мақсаттардың жүзеге асырылуындағы жауапкершілігін мойындал, өз жұмысын университеттің қызмет жоспарларын жүзеге асыруға бағыттайды.

Жұмыскерлер Кәсіподақ тарапынан құқықтық, материалдық және моральдық қорғауды пайдаланады. Сайланбалы кәсіподақ қызметкерлерін сайланбалы кәсіподақ органдарының келісімінсіз жұмыстан шығаруға болмайды.



КӘСІПОДАҚ

ҚазҰМУ Кәсіподағы қоғамдық үйім ретінде 1930 жылы медициналық институт ашылғаннан кейін бір жылдан кейін жұмысшылардың ұжымдық құқықтары мен мұдделерін қорғайтын үйім ретінде үйімдастырылды. Құрылған жылы оның құрамына небәрі 50 адам кірген болса, қазіргі таңда кәсіподақ мүшелерінің саны 1400-ден асады.


ҚР азаматтары, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Үлттық Медицина университетінде және басқа да Кәсіподақ Жарғысын мойындайтын және сақтайтын көршілес білім беру үйімдарында жұмыс істейтін, мүшелік жарналарды төлейтін шетел азаматтары ҚазҰМУ жұмыскерлерінің Жергілікті Кәсіподағының мүшелері бола алады.

Кәсіподаққа мүшелік ерікті түрде, өтініш берушінің негізгі жұмыс орны бойынша Кәсіподақтың бастауыш үйімінше берген жеке өтініші бойынша жүзеге асырылады.

«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ коммерциялық емес үйім болып табылады, және өз қызметін Конституцияға, «Кәсіптік одактар туралы» Занға, басқа да нормативтік құқықтық актілерге және өзінің Жарғысына сәйкес жүзеге асырады. ҚазҰМУ кәсіподағы бүгінгі таңда Алматыдағы ең көп санды кәсіподақтардың бірі болып табылады. 2015 жылы ҚазҰМУ Кәсіподағы Жергілікті кәсіподақ мәртебесіне ие болды да, белгіленген құрылымға сәйкес салалық белгі бойынша «Qaz Med» медицина және онымен сабактас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» РКБ құрамына кіреді.



Кәсіподақ ұйымының өз қатарына көбірек мүшени тарту мақсатындағы жұмысының басты және негіз қалаушы өзегі болып жұмыскерлерді ақпараттандырудың нақты құрылған жүйесі табылады. Кәсіподақ комитеті Материалдық (қайырымдылық) көмек көрсету тәртібі туралы ережеге енгізілген өзгерістер, құжаттар, зандар және ағымдағы ақпарат туралы басып шығарылатын кітапшалар, ақпараттық стендтер арқылы, бөлімшелер жиналыстарында, жеке сұхбаттар арқылы ұжым қызметкерлеріне хабарлайды. Кәсіподақ жарналарының жұмсалуы барынша ашық көрсетілетін ҚазҰМУ сайты құрылды, бұл қызықтыратын ақпаратты жылдам алуға мүмкіндік береді.



КӘСІПОДАҚТЫҢ БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫ.

Жергілікті кәсіподақтың жоғары басқару органы болып Кәсіподақ **Конференциясы** табылады. Кәсіподақтың Есеп беру-сайлау конференциясы Кәсіподақ Комитетінің шешімімен бес жылда кемінде бір рет шақырылады.

Конференциялар арасындағы кезеңде Кәсіподақтың басты Атқарушы органы болып **Атқаруышы Комитет** табылады, оны Конференция бес жылдық мерзімге сайлайды. Атқарушы Комитеттің құрамынан шыққан мүшелерін ауыстыру Кәсіподақтың тиісті құрылымдық үйімдарының өкілдерін Кәсіподақтың Атқарушы Комитетінің отырысында олардың кандидатураларын бекіте отырып, тікелей ұсыну арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Кәсіподақ Конференциясына өз жұмысы туралы есеп береді және осы Жарғы талаптарының негізінде басқа да функцияларды орындаіды. Атқарушы комитеттің отырыстарында жыл сайын кәсіподақ жұмысының барлық бағыттарын қамтитын мәселелер (әлеуметтік серіктестік, енбекке ақы төлеу, жұмыскерлердің әлеуметтік-тұрмыстық қыншылықтарының мәселелері, мәдени-көпшілік іс-шараларды дайындау, жастармен жұмыс істеу, кәсіподақтың саны, жұмыскерлерді сауықтыру, материалдық көмек көрсету мәселелері) талқыланады

Енбек дауларын шешу жөніндегі Келістіруші комиссияның құрамына кәсіподақ Атқарушы комитетінің 4 өкілі кіреді. Құқықтық, зандық, кадрлық мәселелер және КЖНЫК жөніндегі комиссия құрамына кәсіподақтың Атқарушы комитетінің өкілдері кіреді.

Жергілікті кәсіподақтың **төрағасы** Конференцияда немесе жұмысында тұрақты өкілдігі бар немесе лауазымы бойынша өкілеттік берілетін кәсіподақтың Атқарушы Комитетінің отырысында бес жылға сайланады. Төраға өз қызметінде Атқарушы Комитетке және Кәсіподақ Конференциясына есеп береді. Төраға Кәсіподақ пен Атқарушы Комитетке жалпы басшылықты жүзеге асырады. Кәсіподақ пен оның құрылымдық бөлімшелері арасындағы қарым-қатынастар осы Жарғының, шарттардың және Кәсіподақтың атқарушы органы, оларға сайланған органдар немесе лауазымды тұлға беретін сенімхаттардың негізінде құрылады.

Жергілікті кәсіподақтың Атқарушы комитеті 13 адамнан тұрады, әр бөлімшеде кәсіподақ өмірінің барлық іс-шараларына белсене қатысатын кәсіподақ ұйымдастырушылары сайланған.

**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰМУ КЕАҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСПОДАҒЫ»
ҚБ АТҚАРУШЫ КОМИТЕТИНІҢ
ҚҰРАМЫ**

| № | Аты-жөні | КӘСПОДАҚ ҚЫЗМЕТІ |
|----------|---------------------------------|--|
| 1 | Сағат Әбілқайырұлы Алтынбеков | Кәсіподақ төрағасы |
| 2 | Қуаныш Фаритұлы Амантаев | ЖММ-1 |
| 3 | Салтанат Әйкенқызы Апсаттарова | Мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырушы |
| 4 | Гүлзира Балқанқызы Балқанай | ЖММ-2 |
| 5 | Гүлшат Алтайқызы Бегімбетова | КДС мектебі |
| 6 | Лиля Бейсембайқызы Қаспақбаева | Ақсай УК |
| 7 | Адыл Қайырбекұлы Қатарбаев | Педиатрия Мектебі |
| 8 | Қатиша Аташқызы Мұратова | Б. Атшабаров атындағы ФЗО |
| 9 | Мариям Ізтілеуқызы Сихымбаева | Фармация Мектебі |
| 10 | Мұхаммед Әли Талғатұлы Талғатов | ПЖД |
| 11 | Мирас Бақытжанұлы Тұрғынбаев | ӘБҚҚ |
| 12 | Бақытқұл Мырзашқызы Уразбаева | Стоматология Мектебі |
| 13 | Құрмет Елубайұлы Хабдин | ҚҚБИ |

**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰМУ КЕАҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ КӘСПОДАҒЫ» ҚБ
БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ КӘСПОДАҚ ҰЙЫМДАСТАРЫШЫЛАРЫНЫң ТІЗІМІ**

| № | Бөлімше | Кәсіподақ ұйымдастыруышының А.Ә.Т. |
|---------------------------------|---|---|
| Жалпы Медицина мектебі-1 | | |
| 1 | Биофизика курсы бар қалыпты физиология кафедрасы | Нұрғайша Махаметшәрікүзы Алмабаева |
| 2 | Гистология кафедрасы | Роза Сахиевна Омарова |
| 3 | Патологиялық физиология кафедрасы | Гаянэр Байнұрқызы Бектұрарова |
| 4 | Фармакология кафедрасы | Замира Жамалбекқызы Батагоева |
| 5 | Жалпы иммунология кафедрасы | Әлия Әділсариеvна Нұрмұханбетова |
| 6 | Микробиология, вирусология кафедрасы | Гүлсім Халмаханқызы Асқар |
| 7 | Молекулалық биология және медициналық генетика кафедрасы | Айгүл Жарылқасынқызы Мұстафаева |
| 8 | С.Р. Қарынбаев атындағы қалыпты анатомия кафедрасы | Алтын Аскарқызы Әбілова |
| 9 | Биохимия кафедрасы | Раушан Әлібекқызы Баялиева |
| 10 | Коммуникативтік дағдылар кафедрасы | Күлжамал Түгелбайқызы Қашағанова |
| 11 | Жалпы хирургия және топографиялық анатомия кафедрасы | Нұрғали Үәлиханұлы Лаханов |
| 12 | Сот медицинасы курсымен патологиялық анатомия кафедрасы | Гаянэр Исмаиловна Алғожаева |
| 13 | Ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасы | Әсем Сағынтайқызы Сүлейменова |
| Жалпы Медицина мектебі-2 | | |
| 14 | Ішкі аурулар кафедрасы | Гүлжан Аяжанқызы Куватова |
| 15 | №1 хирургиялық аурулар кафедрасы | Нариман Сапарәліұлы Досжанов |
| 16 | Жедел медициналық шұғыл жәрдем кафедрасы | Айсәуле Сабырханқызы Мырзатаева |
| 17 | Г.И. Зальцман атындағы психиатрия және наркология кафедрасы | Ақмарал Барибаевна Жантөреева |
| 18 | Жүйке аурулары кафедрасы | Светлана Габдульвалиевна Сафина |
| 19 | Жұқпалы және тропикалық аурулар кафедрасы | Жұлдыз Кәшімқызы Кәшім |
| 20 | Дерматовенерология кафедрасы | Сая Тойекеқызы Дауренбекова |
| 21 | Пульмонология кафедрасы | Бегдаulet Бегдуалиевна Акимниязова |

| | | |
|----|---|---------------------------------|
| 22 | Фтизиопульмонология кафедрасы | Найля Рымхановна Сейітханова |
| 23 | Клиникалық генетика курсымен акушерлік және гинекология кафедрасы | Жадыра Ұлықпанқызы Назарбаева |
| 24 | Урология кафедрасы | Гүлнар Ахметқазықызы Испосунова |
| 25 | Эндокринология кафедрасы | Светлана Викторовна Большакова |
| 26 | Аллергология кафедрасы | Назгұл Бақытқызы Жаңабаева |
| 27 | Нефрология кафедрасы | Жадыра Сақтаганқызы Абиева |
| 28 | Анестезиология және реаниматология кафедрасы | Владимир Михайлович Зрячев |
| 29 | Профессор С.Н. Нұғмановтың онкология кафедрасы № 1 Жалпы дәрігерлік тәжірибе кафедрасы | Гүлнар Сәкенқызы Жұбайева |
| 30 | № 2 Жалпы дәрігерлік тәжірибе кафедрасы | Айгүл Мейрамқызы Жұкембаева |
| 31 | Оториноларингология кафедрасы | Жанна Сәрсембекқызы Орынбаева |
| 32 | Офтальмология кафедрасы | Кәмшат Тойманқызы Маман |
| 33 | Травматология және ортопедия кафедрасы | Усама Мухамедович Абу Джазар |
| 34 | Визуалды диагностика кафедрасы | Гүлнұр Босқымбаева Мырзабаева |
| 35 | Ревматология кафедрасы | Қанат Жанаділұлы Нұргалиев |
| 36 | Клиникалық фармакология кафедрасы | Асем Чертимановна Мамаева |

Педиатрия Мектебі

| | | |
|----|--|--------------------------------|
| 37 | Балалар аурулары пропедевтикасы кафедрасы | Шайхслам Қылыбайұлы Батырханов |
| 38 | Профессор Н.А.Барлыбаева атындағы балалар аурулары кафедрасы | Анатолий Владимирович Кисленко |
| 39 | Неонатология кафедрасы | Сара Әбидуллақызы Есенова |
| 40 | Балалар жұқпалы аурулары кафедрасы | Айнұр Шәкірқызы Ермагамбетова |
| 41 | Балалар анестезиологиясы және реаниматология курсымен академик Қ.С.Ормантаев атындағы балалар хирургиясы кафедрасы | Жамал Мамежановна Турлекиева |
| 42 | Амбулаторлық-поликлиническая педиатрия кафедрасы | Қатия Нұрыллақызы Тәжиева |

Стоматология мектебі

| | | |
|----|-------------------------------------|--------------------------------|
| 43 | Балалар стоматологиясы кафедрасы | Жанар Мұсілімханқызы Ибраимова |
| 44 | Ортопедиялық стоматология кафедрасы | Жұмағали Полатұлы Ғабжалилов |

| | | |
|----|------------------------------------|---------------------------------------|
| 45 | Терапиялық стоматология кафедрасы | Бақытқұл Мырзашқызы Уразбаева |
| 46 | Хирургиялық стоматология кафедрасы | Гауһар Емелқанқызы Мұқамедсадықова |
| 47 | Стоматология мектебінің ОҚҚ | Райхан Нұрғожақызы Кетпенова |

Фармация мектебі

| | | |
|----|--|------------------------------|
| 48 | Фармацевтикалық технология кафедрасы | Ғалия Сәруарқызы Ибадуллаева |
| 49 | Инженерлік пәндер және тиісті тәжірибелер кафедрасы | Құралай Сержанова |
| 50 | Биотехнология және жалпы химиялық технология кафедрасы | Аида Дәүітханқызы Мұхтарова |
| 51 | Фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия және ботаника кафедрасы | Дана Ғалымжанқызы Тлеуқабыл |
| 52 | Фармацияның ұйымдастырылуы, басқарылуы және экономикасы және клиникалық фармация кафедрасы | Нұрдәulet Нарбекұлы Жұмабаев |
| 53 | Химия кафедрасы | Әлия Әдинбекқызы Жұртбаева |

X. Досмухамедов атындағы қоғамдық денсаулық сақтау мектебі

| | | |
|----|--|------------------------------------|
| 54 | Биостатистика және ғылыми зерттеулер негіздері кафедрасы | Гүлмира Құрбанқызы Исраилова |
| 55 | АИТВ инфекциясы курсымен эпидемиология кафедрасы | Лаура Жұмағалиқызы Темірбаева |
| 56 | АИТВ инфекциясы курсы | Гүлнар Саярбекқызы Нұғыманова |
| 57 | Медициналық құқық кафедрасы | Қантқұл Жұмабекқызы Байтекова |
| 58 | Нутрициология кафедрасы | Ардақ Байбараққызы Чуенбекова |
| 59 | Физикалық денсаулық орталығы | Бақытжан Тоқтамбердіұлы Джигарбаев |
| 60 | Денсаулық сақтау саясаты және менеджменты кафедрасы | Гүлшат Алтайқызы Бегімбетова |
| 61 | Мейірбеке ісі кафедрасы | |
| 62 | Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы | |
| 63 | Әскери кафедра | |
| 64 | Дипломнан кейінгі білім беру факультеті (резидентура) | Құрмет Елубайұлы Хабдин |
| 65 | Б. Атшабаров атындағы ФЗИ | Қатиша Аташқызы Мұратова |
| 66 | Халықаралық факультет | Салтанат Эйкенқызы Апсаттарова |
| 67 | Тіл пәндері кафедрасы | Гүлжан Алғабекқызы Унасбаева |

| | | |
|-------------|--|----------------------------------|
| 68 | Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Ақпараттық коммуникациялық технологиялар кафедрасы | Қуаныш Фаритұлы Амантаев |
| ӘБҚҚ | | |
| 69 | АРДБ департаменті | Ақбота Темірланқызы Баймұратова |
| 70 | АЖД, ОӘБ, ОҮҰБ, АСБ | Алима Әшірбекқызы Қорғанбаева |
| 71 | Студенттік кенсе | Назым Кенжебекқызы Әженова |
| 72 | Тіркеуші кенсе басқармасы | Ілән Сымбат Қаниятқызы |
| 73 | Әлеуметтік-тәрбие жүмыс департаменті | Салтанат Эйкенқызы Апсаттарова |
| 74 | Тұлектердің мансап орталығы | Перизат Мұратбекқызы Есімбекова |
| 75 | Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті | Индира Инаятқызы Ізбенова |
| 76 | Цифрландыру департаменті | Бақыттүл Советқызы Қаленова |
| 77 | Қызметкерлер құрамымен есеп айырысу бөлімі | Эльмира Әбілмөлданқызы Сейітова |
| 78 | Кітапхана | Мадина Карловна Биболова |
| 79 | Мұрагат | Шүғыла Серікболсынқызы Рамазан |
| 80 | Мұражай | Фатима Таңатқызы Байтуленова |
| 81 | Студ.қалашық | Динара Жұмахметқызы Мәмбетиярова |
| 82 | ПЖД | Мұхаммед Әли Талғатұлы Талғатов |
| УК | | |
| 83 | АҚСАЙ УК (ӘБҚҚ) | Лиля Бейсембайқызы Қаспақбаева |
| 84 | Қалпына келтіру емі және оқалту кафедрасы | Светлана Викторовна Крук |
| 85 | КДБ | Гүлзат Әшкенқызы Исмағұлова |
| 86 | Неврологиялық бөлімше | Сәүле Оразбекқызы Кудрявцева |
| 87 | Балалардың ортопедиялық бөлімшесі | Татьяна Петровна Манская |
| 88 | Нефрология және экстракорпоральды детоксикация бөлімшесі | Әшанкулов Хурсанбек Суяркулович |
| 89 | Оtolарингология бөлімшесі | Адалят Даутқызы Исхакова |
| 90 | Ақсай УК қабылдау бөлімшесі | Мәдина Жомартқызы Жұмаділда |
| 91 | АРҚТБ қан тапсыру кабинеті | Айсұлу Егінбаевна Мавленова |
| 92 | УК БМСК және диагностика орталығы | Әсем Төлегенқызы Төлегенова |
| 93 | ЦВА соматикасы бөлімшесі | Баян Тоқбергенқызы Ақанбаева |

КӘСІПОДАҚТЫҢ ҚАРЖЫСЫ МЕН МҰЛКІ

Кәсіподақтың қаржаты мен мұлкі жұмыскер жалақысының 1% мөлшеріндегі кәсіподақ мүшелік жарналарынан құралады.

2020 жылдан бастап Ұжымдық шарттың талаптары бойынша университет қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуына бағытталған мәдени-көпшілік, спорттық-ауықтыру іс-шараларын өткізу үшін Университет ай сайын Кәсіподаққа нақты еңбекақы төлеу қорының 0,7% мөлшерінде қосымша аударымдарды аударады. (КР «Кәсіподақтар туралы» туралы Заңының 30-бабының (2), 3)-тармақтары)

Кәсіподақ комитеті өзінің бүкіл жұмысын әлеуметтік әріптестік және ҚазҰМУ әкімшілігімен ынтымақтастық қағидаттары негізінде құрып, барлық мәселелерді жұмыскерлердің мүдделері үшін сындарлы диалог арқылы шешеді. Кәсіподақ комитетінің қызметі келесі құжаттардың талаптарына негізделеді:

- Жергілікті кәсіподақтың Жарғысы;
- Кәсіподақ мүшелеріне материалдық көмек көрсету, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлерге Ұлы Отан Соғысының Женіс күні мен Қарттар күніне орай қолдау көрсету тәртібі туралы ереже
- Екіжақты келісім – Жұмыс беруші мен өкілдері – кәсіподақ тұлғасындағы жұмыскерлер арасындағы Ұжымдық Шарт. Тиімді жұмысты қамтамасыз ету үшін тұрақты комиссиялар құрылып, олардың өкілеттіктері мен жұмыс тәртібі айқындалды.



ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Еңбек шарттарын бұзу.

Жұмыскерлердің саны немесе штаты қысқарапан кезде жұмыста қалудың **басым құқығы** біліктілігі жоғарырақ және жұмыс тәжірибесі бар жұмыскерлерге беріледі. Басқа жағдайлар тең болған жағдайда, жұмыста қалудың басым құқығына:

- **отбасылы тұлғалар** – асырауында **екі немесе одан да көп адам** болса (жұмыскердің толық асырауындағы немесе одан олардың тұрақты және негізгі күнкөріс көзі болып табылатын көмек алатын еңбекке жарамсыз отбасы мүшелері);
- Кәсіпорында **еңбек жарақатын алған немесе кәсіби сырқатқа шалдықкан жұмыскерлер;**
- жұмыстан үзіліссіз Кәсіпорынның жолдамасы бойынша **біліктілігін арттырып жатқан жұмыскерлер;**
- зейнетке дейінгі **жастағы тұлғалар** (зейнетке шығуға екі жыл қалғанда),
- жасы 16-та дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған **әкелер** немесе тұлғалар (қамқоршылар);
- жасы 16-та дейінгі балалары бар **жалғызбасты аналар** ие болады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 1), 4) - 25) тармақшаларында ескерілген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорынның бастамасы бойынша жүкті әйелдермен, жасы үшке дейінгі балалары бар әйелдермен, жасы он төртке дейінгі баласын (жасы он сегізге дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналармен, осы санатты балаларды анасыз тәрбиелеп отырған өзге де тұлғалармен еңбек шартын бұзуға жол берілмейді.

ӘЛЕУМЕТТИК КЕПІЛДІКТЕР

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ жұмыскерлерге Кәсіпорынның ішкі нормативтік актілерінде ескерілген жағдайларда және тәртіппен, сондай-ақ келесі жағдайларда біржолғы **материалдық көмек** көрсетеді:

- 1) **Баланың дүниеге келуі** – 30 АЕК мөлшерінде;
- 2) **Некенің қызылы** – 10 АЕК мөлшерінде;
- 3) **Жұмыскердің немесе оның туыстарының ұзақ уақыт ауыруы салдарынан денсаулығын сақтауға** – 20 АЕК мөлшерінде;
- 4) **Кәмелетке толмаган 4 және одан да көп баласы және жасы 23-ке дейінгі колледждер мен ЖОО-е ақылы негізде оқитын балалары бар көп балалы отбасыларға** – 20 АЕК мөлшерінде
- 5) **Форс-мажорлық жағдайда** (өрт, дүлей апаптар, шүғыл операция) – 50 АЕК мөлшерінде
- 6) **Отбасы мүшесінің** (жарының/жұбайының, балаларының, ана-аналарының, агалы-інілілер мен апалы-сіңлілерінің) қайтыс болуына байланысты – 30 АЕК мөлшерінде
- 7) **Жұмыскердің қайтыс болуына байланысты** –
екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде,
еңбектеріне кесімді ақы белгіленген жұмыскерлерге – 50 АЕК мөлшерінде
- 8) **Женіс күніне орай ҰОС ардагерлеріне** – 50 АЕК мөлшерінде
- 9) **Женіс күніне орай ЕЕМ қатысушыларына** – 5 АЕК мөлшерінде

Егер Кәсіпорында бірнеше отбасы мүшесі жұмыс істесе, көрсетілген сомадағы материалдық көмек олардың біреуіне төленеді.

*АЕК – тиісті қаржылық жылға арналған Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш.

Материалдық көмек көрсету және оның мөлшері туралы шешімді Кәсіпорын басшысы растайтын құжаттар қоса тіркелген, жұмыскердің жазбаша өтініші негізінде Кәсіпорынның ішкі нормативтік актілерімен белгіленген тәртіппен қабылдайды.

Каржылық жағдайына байланысты, Кәсіпорын **оқу ақысын төмендету** тәртібімен жұмыскерлерге жеңілдіктерді беруі мүмкін:

- Кәсіпорында оқытылатын жұмыскерлерге – **20%** мөлшерінде
- Әлеуметтік көмек көрсету туралы ережеге сәйкес Кәсіпорында оқытын жұмыскерлердің балаларына.

Кәсіпорын **басшысы жұмыскерге оқу төлемақысы бойынша жеңілдікті беру туралы шешімді** жұмыскердің материалдық және отбасылық жағдайын және басқа да маңызды факторларды ескере отырып **қабылдайды**.

Кәсіпорын жұмыскерлері үшін құнтізбелік қундердегі жыл сайынғы ақы төленетін **енбек демалысының** келесі ұзақтығы белгіленеді:

56 (елу алты) күн, - педагог қызметкерлері мен педагог қызметкерлеріне теңестірілген жұмыскерлерге;

30 (отыз) күн - педагог қызметкерлерге және педагог қызметкерлерге теңестірілген жұмыскерлерге жатпайтын қызметкерлерге.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жыл сайынғы ақы төленетін **косымша** еңбек демалыстары:

- құнтізбелік 6 күн ұзақтығымен бірінші және екінші топтағы **мугедектерге** беріледі;

Жұмыскердің жазбаша өтініші негізінде **Кәсіпорын** келесі жағдайларда құнтізбелік **бес** күнге дейінгі жалақы **сақталмайтын демалысты** беруге **міндетті**:

- некені тіркеу;
- баланың туылуы;
- жақын туыстарының қайтыс болуы.

ҚазҰМУ жалақы **сақталмайтын демалысты** Жұмыскердің демалыс күніне кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын берген **жазбаша өтініші** бойынша келесі жағдайларда береді:

- | | |
|---|-------------------------|
| Жұмыскердің некелесуі | 5 ж.к. |
| оның балаларының некелесуі | 3 ж.к. |
| мерейтойлық күн (50, 60 және 70, 75 жастық, әйелдер үшін) | құнтізбелік 1 к. |
| баланың туылуына (асырап алынуына) байланысты | құнтізбелік 5 к. |
| жақын туыстарының (анасы, әкесі, балалары, туған ағалы-інілілері мен апалы-сіңлілері, жары, жұбайы, атасы, әжесі) қайтыс болуына байланысты | құнтізбелік 5 к. |
| жаңа тұрғылықты жерге көшу | құнтізбелік 3 к. |
| бастаудың сыйнып окушыларының (жасы 10-ға дейін) ата-аналарына 1 қыркүйекте (немесе оқу жылдарының басталуының басқа күні). | |

Педагигикалық қызметкерлер педагогикалық өтілінің сақталуымен, **ғылыми** қызметпен айналысу үшін **шығармашылық демалысқа** шығуға құқылы.

**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰМУ КЕАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
ЖЕРГІЛІКТІ ҚӘСПОДАҒЫ» ҚБ ҚӘСПОДАҚ МУШЕЛЕРІНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ
ҚӨМЕК ҚӨРСЕТУ, СОНДАЙ-АҚ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТИН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫң ЖЕҢІС КҮНІ МЕН ҚАРТТАР КҮНІНЕ ОРАЙ
КОЛДАУ ҚӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ**

ЕРЕЖЕ

Кәсіподақ мушелеріне материалдық (қайырымдылық) көмектің түрлері (теңге):

1. Емделу үшін: (жыл сайын)

30 000 тнг.

Қажетті құжаттар: етініш, жеке куәліктің көшірмесі, дәрігерден ұзінді көшірме, дәрі-дәрмек сатып алуға фискалдық түбіртек, банк шоты.

2. Стоматологиялық кабинетті, медициналық тексеруді қоса алғанда, УК БМСК және диагностика орталығында қаралуға:

25 000 тнг.

Қажетті құжаттар: жеке куәліктің көшірмесі мен университет кәсіподақ комитеті бекіткен етініш.

3. ҚР аумағында шипажайлыш-курорттың емделуге, спорттың-сауықтыру кешеніне аборнемент, демалыс аймағына (жыл сайын) келесі өтілмен:

3 жылға дейін 30 000 тнг.

3 жылдан астам: 60 000 тнг.

Қажетті құжаттар: етініш, жеке куәліктің көшірмесі, шарт, орындалған жұмыстар актісі, фискалдық чек, банк шоты.

4. Балалар сауықтыру лагеріне жолдамалар үшін (жыл сайын):

**- 1-ші балаға 30 000 тнг.
- 2-ші балаға 15 000 тнг.**

Қажетті құжаттар: етініш, жеке куәліктің көшірмесі, шарт, орындалған жұмыстар актісі, фискалдық чек, баланы туу туралы куәлік, банк шоты

5. Қемелетке толмаган балалары бар толық емес отбасылар үшін, ажырасқан ата-ананы, қамқоршыны қоса алғанда, ата-ананың біреуі тәрбиелейтін (жылына бір рет) келесі өтілмен:

**3 жылға дейін 15 000 тнг.
3 жылдан астам 30 000 тнг.**

Келесі өтілі бар жесірлер үшін:

3 жылға дейін 20 000 тнг.

3 жылдан астам 40 000 тнг.

Қажетті құжаттар: етініш, жеке куәліктің көшірмесі, баланы туу туралы куәлік, некені бұзы туралы куәлік, асыраушының қайтыс болуы туралы куәлік, банк шоты.

6. Бірге тұратын (жасы 18-ге дейінгі) **мүгедек баласы** бар жұмыскерлерге (жыл сайын) келесі өтілмен:

З жылға дейін **20 000 тнг.**

З жылдан астам **30 000 тнг.**

Қажетті құжаттар: өтініш, жеке куәліктің көшірмесі, баланы туу туралы куәлік, мүгедектік туралы анықтама, банк шоты.

7. **Мерейтойға** байланысты :

З жылға дейін: **50%**

З жылдан астам:

- **50 жас** **50 000 тнг.**

- **60 жас** **60 000 тнг.**

Қажетті құжаттар: өтініш, жеке куәліктің көшірмесі, басшының қолдаухаты, банк шоты.

8. Мектепке дайындалу үшін **бірінші сынып оқушыларына**

+ керек-жараптары бар мектеп арқақоржыны **30 000 тнг.**

Қажетті құжаттар: өтініш, жеке куәліктің көшірмесі, баланы туу туралы куәлік, мектеп анықтамасы, банк шоты.

9. **Форс-мажорлық жағдайда** (өрт, су тасқыны, дүлей апат, жеке мүліктің ұрлануы және басқа себептермен)

30 000 тнг.

Қажетті құжаттар: өтініш, жеке куәліктің көшірмесі, растаушы құжат, банк шоты.

10. **Жұмыс іstemейтін зейнеткерлерге қайырымдылық көмектің түрлері:**

- **ҰОС қатысуышына** **100 000 тнг.**

- **ҰОС қатысуышыларына теңестірілген,**
Ауган соғысына қатысуышылар және т.б. **20 000 тнг.**

- **еңбек майданына қатысуышыларға** **10 000 тнг.**

Карттар күніне орай:

- **жұмыс іstemейтін зейнеткерлерге** **5 000 тнг.**

Қажетті құжаттар: Ардагерлер кеңесінің тізімі мен қолдаухаты.



Алматы қаласы Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесінің колдауымен С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Ардагерлер кеңесі ұйымдастырылған. Кәсіподақ ҰОС қатысушыларымен, ҰОС қатысушыларына теңестірілген тұлғалармен, еңбек майданына қатысушылармен, Ауган соғысына қатысушылармен және Варшава Шартына қатысушы әскерлер тобының ардагерлерімен, жұмыс істемейтін зейнеткерлермен тығыз байланыс орнатып, оларға қамқорлық көрсетеді.

Ардагерлер кеңесінде есепте тұратындар тұлғалардың санаттары бойынша саны:

ҰОС қатысушысы – 1

ҚОС қатысушыларына теңестірілген тұлғалар – 4

Еңбек майданына қатысушылар – 36

Ауған соғысына және Варшава шартына қатысушылар – 7

Жұмыс істемейтін зейнеткерлер – 260

Қарттар күні мен Жеңіс күніне орай іс-шаралар өткізілуде. Дәл осындағай іс-шараларда ұрпақтар сабактастығы сезіледі. Оларға біз жыл сайын 9 мамыр күніне, Қарттар күніне орай ақшалай жәрдемақы бөліп тұрамыз, мерекелік түскі ас пен майдан ботқасы ұйымдастырылып, Жауынгерлік Даңқ ескерткішіне гүл шоқтары қойылуда, студенттер арасынан еріктілер төсек тартып жатқан зейнеткерлерге қайырымдылық көмектің жеткізілуін қамтамасыз етуде, студенттер концерттерін өткізіп тұруда.



Кәсіподақ мүшелерінің денсаулығын сақтау және нығайту мәселелері де назардан тыс қалмайды. БМСК және диагностика орталығымен медициналық қызметтерді көрсету бойынша шарт жасалды. Бұл созылмалы ауруларды дер кезінде анықтап, тегін қаралудан өтүгे мүмкіндік береді.

Кәсіподақ комитеті жұмыскерлердің физикалық тұрғыдан саулығына қамқорлық жасайды, спорттық іс-шаралар мен жарыстар өткізіледі, онда жүлделерге, облыстық және қалалық ауқымдағы жарыстар мен марафондарға қатысуға қаражат бөлінеді.

Ережеге бүгінде салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі мезеттерінің бірі болып табылатын спорттық-сауықтыру кешеніне (фитнес залы, жүзу) абонементтерді сатып алу туралы тармақ енгізілді.



Білім күні қарсаңында С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-да мерекелік іс-шара өтті – университет қызметкерлерінің 70 бірінші сынып оқушысына кеңсе тауарлары салынған арқақоржындары сыйға тартылып, оқуға қажетті заттарды сатып алуға қаржылай көмек көрсетілді. Т.Шарманов атындағы Даңқ залында «Тілашар» науқаны өтті.

Фестивальде ҚазҰМУ проректоры Убайдилла Датаев «Балалар – Жана Қазақстанның болашағы. Осы орайда үш мыңнан астам жұмыскерден тұратын үлкен ұжымымыздың қайырымдылық бастамаларға белсене атсалысып жатқаны одан да куантатыны сөзсіз. ҚазҰМУ кәсіподақ ұйымы мейлі спорттық-сауықтыру, мейлі мәдени-көпшілік іс-шаралар болсын, барлық дерлік бұқаралық іс-шараларға үлкен қолдау көрсетеді» - деп атап өтті.

«Бүгін біз балаларыңызды бірінші сыныпқа шығарып салып жатырмыз, бірақ олар біздің де балалар. Олар 17 жылдан кейін университетіміздің табалдырығын аттайды деп ете үміттенеміз және сенеміз. Мұндай науқанды өткізу идеясы ректорымыз Марат Едігеұлы Шорановқа тиесілі. Біз мұндай оқигаларды дәстүрге айналдырғымыз келеді, себебі балалар – біздің болашағымыз. Біз олар үшін жұмыс істейміз, балаларымыздың Қазақстанның лайықты азаматтары болып қалыптасуына тырысамыз, солар үшін бәріміз өмір сүріп жатырмыз», - деді ҚазҰМУ Кәсіподақ ұйымының төрағасы Сагат Алтынбеков.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай науқан университеттің игі дәстүріне айналатын болады. Мерекенің соңында балаларға арналған шағын концерттік бағдарлама, аниматорлардың қатысуымен ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.



ҚазҰМУ кәсіподақ қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып мәдени-көпшілік жұмыс, спорттық-сауықтыру шаралары табылады, өйткені осындай іс-шаралар ұжымның бірлігіне және университетте қолайлы шығармашылық атмосфераның қалыптасуына септігін тигізеді.

Университет басшылығымен бірлесе отырып, 8 наурызға, Отан қорғаушыларға, ҰОС Женісіне, Мейірбикелер күніне, Медицина қызметкерлері күніне, Мұғалімдер күніне, Қарттар күніне, Жаңа жыл мерекесіне арналған салтанатты жиындар ұйымдастырылып, еткізілуде.

Отан қорғаушылар күнінде 300 ер азаматқа, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесінде 1100 әйелге жеке сыйлықтар табыс етіліп, мерекелік концерт қойылып, 30 әйел-кәсіподақ мүшесіне бағалы сыйлықтар табыс етілді. Кәсіподақ комитеті жыл сайын кәсіподақ мүшелеріне, балаларға жаңа жылдық сыйлықтар дайындала, F.Мұсірепов атындағы балалар театрында өтетін Жаңа жылдық ертеңгіліктерге билеттерді бөліп тұрады. Наурыз мейрамы қазақ халқының барлық салт-дәстүрлерімен бірге кең көлемде еткізіліп, ойындар, концерт, ұлттық тағамдардан дәм-тұздар қойылып, бағалы сыйлықтар табыс етілуде. Медицина қызметкері күні 30 үміткер кәсіподақ мүшесіне грамоталар және Сулпак сертификаттары берілді. Біздің жұмыскерлер М.Әуезов атындағы театрға барып тұрады.







ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЫНШЫЛЫҚТАР ЖҮГІН БІРГЕ ЕҢСЕРЕМІЗ

Кәсіподаққа қосыл!

**«С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ КЕАҚ
қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ**

**Тел. 8 (727) 338 70 90 ішкі 7220
Мекен-жайымыз: Алматы қ., Төле би көш., 94
Instagram: profsoyuz_kaznmu**

